

«Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» АҚ 1999 жылы 15 қарашада құрылған коммерциялық емес ұйым. Қордың жалғыз құрылтайшысы мен акционері болып Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі табылады.

Қорды құрудың негізгі мақсаты – қаржы жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз ету, соның ішінде депозиттерге кепілдік беру жүйесіне қатысушы-банк мәжбүрлеп таратылған жағдайда депозиторларға кепілдік берілген өтемді төлеу арқылы банк жүйесіне сенімді қолдау.

Миссиямыз:

- банк депозиттеріне кепілдік беру арқылы салымшылардың мүддесін қорғау және қатысушы-банк мәжбүрлеп таратылған жағдайда олардың шығынын өтеу.

Қордың дүниетанымдық тұжырымдамасы:

- депозиттерге кепілдік берудің тиімді жүйелерін құрудың халықаралық қағидаларға сәйкес келуі;
- өз миссиясын таңдаулы әлемдік тәжірибенің жетістіктеріне сүйене отырып атқару.

Стратегиялық мақсаттары:

- қордың негізгі контрагенттерімен нәтижелі серіктестік қарым-қатынасты қоса алғанда тиімді корпоративтік басқару;
- сақтандыру жағдайының басталуына дайын болу;
- депозиттерге кепілдік беру жүйесінің қызметі туралы жұртшылықты және өзге де тұлғаларды хабардар ету;
- Қор қызметкерлерінің біліктілік деңгейін арттыру.

ҚОЛДАНЫЛАТЫН ҚЫСҚАРТУЛАР

IADI	Депозиттерді сақтандыру жүйелерінің халықаралық қауымдастығы (International Association of Deposit Insurers)
АЖ	Ақпараттық жүйе
АҚ	Акционерлік қоғам
АТМАК	Азия-Тынық мұхит аймақтық комитеті
ДКБЖ	Депозиттерге кепілдік беру жүйесі
ЕААК	Еуразиялық аймақтық комитеті
ҚҚҚ	Қазақстан Қаржыгерлерінің Қауымдастығы
Қор	Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры
Қосылу шарты	Қатысушы-банктердің депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесіне қосылу шарты
ҚРҰБ	Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

МАЗМҰНЫ

Төрайымның үндеуі	4
2011 жылдың оқиғалар күнтізбесі	6
Қордың ұйымдық құрылымы	8
2011 жылдағы Қазақстанның банк секторы	12
Депозиттерге кепілдік беру жүйесіне қатысушы-банктер	14
Банктерді тарату және салымшыларға кепілдік берілген өтемді төлеу	16
Қордың арнайы резерві	17
Активтерді инвестициялау	18
«БАТА» жарналардың сараланған мөлшерлемелер жүйесі және ақпараттық жүйесі	19
Қатысушы-банктерді тексеру	20
Тәуекелдерді басқару жүйесі	21
Қызметкерлерді басқару	23
Халықаралық ынтымақтастық	24
Жұртшылықты хабардар ету	26
Аудитордың есебі және қаржылық есептілік	28

ТӨРАЙЫМНЫҢ ҮНДЕУІ

2011 жыл Қазақстан экономикасы үшін айтарлықтай қолайлы болды, энерготасымалдаушыларға баға конъюнктурасының оңтайлы болуына, ішкі сұраныстың ұлғаюына және мемлекеттің экономиканы әртараптандыру бағдарламасына байланысты, барлық салаларда өсім байқалды.





Дағдарыстан кейінгі мерзімде экономиканың нақты секторының іскерлік белсенділігін ынталандыру қаржы, әсіресе банк секторының қалпына келуіне ықпал етті. Осылайша, депозиттерге кепілдік беру жүйесіне қатысушы-банктердің активтері 2010 жылмен салыстырғанда 6,7%-ға өсті, міндеттемелер 7,5%, соның ішінде депозиттік портфельдің 22,6%-ға өсуі есебінен ұлғайды.

Несие берудің өсуі, ішкі қорландыру көлемінің артуы сияқты ДКБЖ-не қатысушы-банктерінде байқалатын жалпы оң үрдістерге қарамастан, актив сапасы мәселесі бұрынғы қалыпта қалып отыр және ол қатысушы-банктердің төлемге қабілеттілігіне және қаржы айқындамасына негативті әсер етуі мүмкін. Кейбір еуроаймақ елдерінің міндеттемелері бойынша дефолт тәуекелінің өсуі сияқты сыртқы қаржы тәуекелдері кейбір отандық банктерде маңызды проблемалар туғызуы мүмкін.

Елдің қаржы нарығын реттеуші қаржы нарығын реттеу және қадағалау жүйесі мен оның субъектілерін жетілдіру жөнінде бірнеше шара қолданды. Өз тарапынан Қор өз қызметінің тиімділігін жетілдіру, соның ішінде банктердің таратылуына операциялық дайындығын жетілдіру бойынша бірнеше шараны іске асырды.

Банктердің жиынтық депозиттік базасының өсуімен, сондай-ақ есепті жылдың соңында қабылданған кепілдік берілген өтем мөлшерінің бес миллион теңге деңгейінде сақтау туралы заңнамадағы өзгерістермен, Қордың міндеттемелері де өсті. Соған қарамастан, Қордың қаржылық жағдайы бұрынғыдай тұрақты болып отыр – Қордың арнайы резерві 161 миллиард теңгеге жетті. Қордың жайғасымын күшейту мақсатында Қордың Акционері – Қазақстан Ұлттық Банкі Қордың жарғылық капиталын 10%-ға ұлғайтты, жарғылық капитал 133 миллиард теңгеге жетті.

Жеке тұлғалардың депозиттері бойынша кепілдік берілген өтемнің максималды мөлшері ретінде бес миллион теңгені сақтау салымшылардың сенімін арттырудың, банктік жүйенің қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз етудің елеулі факторы болды. Қор кепілдіктері банктердегі жеке тұлғалар салымдарының барлығының 99%-ын толық көлемде өтейді.

Операциялық дайындыққа қатысты Қордың даму стратегиясы кепілдік берілген өтемдерді төлеу процесінде тәуекелдерді ықшамдауға бағытталған. Есепті жылы он қатысушы-банкте кепілдендірілген депозиттерді есепке алу және салымшылар дерекқорының Қор талаптарына сәйкестігі тексерілді.

Осы процесті автоматтандыру үшін Қордың банктермен жұмыс жасау барысында бірнеше бизнес-процестерді жеделдетуге мүмкіндік туғызатын мамандандырылған ақпараттық жүйе өңделуде. Сонымен қатар, жыл бойы Қор қызметкерлері отандық депозиттерге кепілдік беру жүйесін және банк секторын реттеуді жетілдіру үшін қолданыстағы заңнамаға өзгертулер мен толықтырулар бойынша ұсыныстар дайындау жөнінде Қазақстан Ұлттық Банкінің жұмыс топтарына белсенді түрде қатысты.

Отандық депозиттерге кепілдік беру жүйесінің дамуының басым бағытын анықтау мақсатында, есепті жылы Депозиттерді сақтандырудың тиімді жүйелерінің негізгі қағидаларына сәйкес Қор өзін-өзі бағалау жұмыстарын бастады.

Бұл қағидалар депозиттерді сақтандыру жүйелерінің халықаралық қауымдастығымен және Базель банктік қадағалау комитетімен бірлесе жасалған. Мұндай өзін-өзі тексеру жұмыстары Қор қызметінің әлді және әлсіз тұстарын байқауға мүмкіндік береді. Бұл жағдай Қор мен ДКБЖ қызметінің әр саласын түзету бойынша қажет шараларды қолға алуға септігін тигізеді.

Қордың Депозиттерді сақтандыру жүйелерінің халықаралық қауымдастығына мүшелігі депозиттерді сақтандыру саласында шетел әріптестерімен қолда бар тәжірибелерімен және білімдерімен алмаса отырып, жаһанды өзгерістер туралы хабардар болуға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, IADI Еуразиялық аймақтық комитетке басшылық ете отырып, біз еларалық аймақтық деңгейде халықаралық әріптестікті дамытуға ұмтыламыз. Осылайша, «Проблемалы банктердің қаржылық дәрменсіздігін реттеу әдістері және кепілдік берілген төлемдерді өтеу» семинары және комитеттің төртінші жылдық жиналысы шеңберінде Қор Алматы қаласында ТМД елдерінің депозиттерді сақтандыру бойынша ұйымдарының басшыларын жинап, олармен осы салада бірнеше көкейтесті мәселелерді талқылады.

Келесі жағымды өзгерістер туралы айта кету қажет: халықтың өз депозиттерінің сақталуы туралы хабардарлығы артып келеді – банк салымшылары депозиттерді сақтандыру туралы кең спектрлі мәселелер бойынша кеңес алу үшін Қордың телефондық «шұғыл байланысын» белсенді пайдалануда. Сақтандыру жағдайларының жоқтығына қарамастан, қоңырау шалу саны жыл сайын артып келеді.

Осылайша, үнемі өз міндеттерін орындауға дайындық үстінде бола отырып, отандық депозиттерге кепілдік беру жүйесі өзін-өзі жетілдіруге ынталанады және дамудың одан әрі жоғары деңгейі – басқаратын және өз тәуекелдерін ықшамдайтын жүйеге жетуге бағытталған.

Қорытындылай келе, Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры ұжымының атынан қолдау мен әріптестік үшін Қазақстан Ұлттық Банкіне, депозиттерге кепілдік беру жүйесіне қатысушы-банктерге, Қор серіктестеріне және шетел әріптестеріне – депозиттерді сақтандыру жүйелерінің халықаралық қауымдастығы мүшелеріне алғысымды білдіремін.

Құрметпен,

Бақыт Мәженова

Ай	ОҚИҒАЛАР
Жыл бойы	«Валют-Транзит Банк» АҚ және «Қазақстан Наурыз Банкі» АҚ салымшыларына кепілдік берілген өтемді төлеу және салымшылардың құжаттарын уақтылылығына, өткізілген төлемдердің дұрыстығы және негізділігіне тексеру жалғастырылды. Қор өкілдерінің «Валют-Транзит Банк» АҚ және «Қазақстан Наурыз Банкі» АҚ кредит берушілер комитетінің отырыстарына қатысуы. Қатысушы-банктерде кепілдендірілген депозиттерді есепке алудың автоматтандырылған дерекқорының Қор талаптарына сәйкестігін тексеру. Қордың IADI Зерттеу комитеті мен шағын комитеттерінің шеңберінде зерттеулер мен нұсқауларды дайындау бойынша жұмыс топтарына қатысуы. Қор мамандарының 8-800-080-10-20 тегін «шұғыл байланыс» телефоны бойынша депозиттерге кепілдік беру мәселелеріне байланысты халыққа кеңес беруі. Қордың Директорлар Кеңесінің жеті отырысы (соның ішінде бір сырттай отырыс) және Қордың Консультативтік Кеңесінің төрт отырысы өткізілді.
ҚАҢТАР	Қор өкілінің Бангкоктағы (Тайланд) IADI Азия-Тынық мұхит аймақтық комитетінің тоғызыншы жылдық жиналысына қатысуы.
НАУРЫЗ	Жеке тұлғалардың жаңадан тартылған депозиттері бойынша ұсынылған сыйақының максималды мөлшерлемесін анықтау және тағайындау әдістемесі бекітілді.
Сәуір	АҚШ Вашингтон қаласында «Депозиттерді сақтандыру ұйымдарымен нарықтың қаржылық жағдайын бағалау және олардың арнайы қорын басқару» тренинг-семинарда «БАТА» міндетті күнтізбелік жарналардың сараланған мөлшерлемелер жүйесі» тақырыбы бойынша Қор өкілінің сөз сөйлеуі. Қордың Директорлар Кеңесімен Қордың инвестициялық портфелінің валюталық дәлізі құрамының көлемін 30%-40%-дан 25%-35%-ға дейін азайту бөлігінде 2011 жылға Қордың инвестициялық стратегиясына өзгерістерді бекіту туралы шешім қабылданды.
Мамыр	Қордың Директорлар Кеңесінің шешімімен «Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» АҚ өз тәуекелдерін ілгері басқару бойынша шаралар жоспары, міндетті күнтізбелік, қосымша және төтенше жарналарды төлеудің мөлшері мен тәртібін анықтау ережелеріне өзгерістер мен толықтырулар, сонымен қатар Қосылу шартының № 2 Қосымшасына толықтырулар енгізу бекітілді.
Маусым	«Банк Kassa Nova» АҚ ДКБЖ-нің қатысушысы болды. Міндетті күнтізбелік, қосымша және төтенше жарналарды төлеудің мөлшері мен тәртібін анықтау ережелеріне енгізілген өзгерістерді есепке алу арқылы «БАТА» АЖ бейімделуі мен жаңартылуы жүргізілді.
Шілде	ДКБЖ құрамынан «Банк «Астана-Финанс» АҚ шығарылды. Банктермен ұлттық және шетел валютасында жасалатын, соның ішінде жеке тұлғалардың банктік шоттарын ашу және депозит қабылдау бөлігінде банктік және басқа да операциялар жүргізуге «ТАИБ Қазақ Банкі» Еншілес Банкі АҚ лицензия күші үш ай мерзімге тоқтатылды. Банктік және басқа операцияларды және құнды қағаздар нарығында қызмет, соның ішінде жеке тұлғалардың банктік шоттарын ашу және депозит қабылдау бөлігінде банктік және басқа да операциялар жүргізуге «СЕНІМ-БАНК» АҚ лицензия күші үш ай мерзімге тоқтатылды. Банктің кепілдендірілген депозиттерін есептеудің автоматтандырылған дерекқорының депозиттерді міндетті кепілдендіру жүйесіне қатысушы-банктерде Қосылу шарты талаптарына сәйкестікті анықтау ережелеріне Қордың Директорлар Кеңесімен өзгерістер енгізілді.
Тамыз	«Данабанк» акционерлік қоғамы атауын өзгертіп, енді «Punjab National Bank»-Қазақстан» Еншілес банкі» АҚ болып аталды. «Қазинкомбанк» АҚ қайта ДКБЖ қатысушысы болды (2010 ж. тамызында шығарылған).

Ай	Оқиғалар
Қыркүйек	Алматыда IADI EAAK төртінші жылдық жиналысы мен конференциясы өтті.
	«Қазинкомбанк» акционерлік қоғамы «Bank RBK» АҚ болып атауын өзгертті.
	Қордың Директорлар Кеңесімен «Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» АҚ қаржы құралдары есебін жүргізу ережелері бекітілді.
Қазан	Польшада IADI жалпы жылдық жиналысы өтті.
	IADI депозиттерге кепілдік беру тиімді жүйелерінің негізгі қағидаттарына Қор қызметінің сәйкестігі деңгейін өзін-өзі бағалауды өткізу мақсатында Қордың әр бөлімінің мамандарынан жұмыс тобы құрылды.
Қараша	Индияда «Проблемалы банктерді реттеу процесінде депозиттерді сақтандыру жүйесінің рөлі – қаржы дағдарысынан алынған тәлім» атты конференцияға Қор өкілінің қатысуы.
	Тайваньда «Депозиттерді сақтандыруды бағалау және құралдарды басқару» тренингінде «БАТА» міндетті күнтізбелік жарналардың сараланған мөлшерлемелер жүйесі» тақырыбында Қор өкілінің сөз сөйлеуі.
Желтоқсан	Қазақстан Республикасының «Тәуекелдерді ықшамдау бөлігінде банктік қызмет және қаржы ұйымдарын реттеу мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңымен халық депозиттері бойынша кепілдендірілген өтемнің максималды мөлшерін бес миллион теңге деңгейінде сақтау қарастырылды.
	Қордың жарғылық капиталы 133,1 миллиард теңгеге дейін ұлғайтылды.
	Барлық банктік операцияларды жасауға берілген лицензияны кері шақырту немесе қатысушы-банкте консервациялау тәртібін енгізу жағдайына Қордың іс-шаралар жоспары дайындалды.

АКЦИОНЕР

Қордың бірден бір акционері, құрылтайшысы және жоғарғы басқару органы болып Қазақстан Ұлттық Банкі табылады. Акционер уәкілеттілігіне жатқызылған барлық мәселелер бойынша шешім қабылдау құқығы Қазақстан Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Ғалиева Дина Төлеубекқызына берілді.



Дина Ғалиева
Қазақстан Ұлттық Банкі
Төрағасының орынбасары

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ



Дәнияр Ақышев
Директорлар кеңесінің
Төрағасы, Қазақстан
Республикасы Ұлттық
Банкі Төрағасының
орынбасары



Бақыт Мәженова
«Қазақстанның депо-
зиттерге кепілдік беру
қоры» АҚ Төрайымы



Мұхтар Бәбеев
Қазақстан Республика-
сы Ұлттық Банкі Қаржы
нарығын және қаржы
ұйымдарын бақылау
мен қадағалау комитеті
Төрағасының орынба-
сары



**Гульфайрус
Шайқақова**
Қазақстан Республика-
сы Ұлттық Банкі Зерт-
теу және статистика
департаментінің дирек-
торы



Виталий Тутушкин
Қазақстан Республи-
касы Ұлттық Банкі
Қаржы тұрақтылығы
департаменті
директорының орынба-
сары



Бейсенбек Зиябеков
Тәуелсіз директор



Слава Сизова
Тәуелсіз директор



Жанат Құрманов
Тәуелсіз директор

КОНСУЛЬТАТИВТІК КЕҢЕС

Қордың консультативтік кеңесі депозиттерге кепілдік беру жүйесіне қатысушы-банктер өкілдерінен тұрады. Оның құрамы жыл сайын банктердің жалпы жиналысында сайланады. 2011 жылы дауыс беру нәтижесінде Консультативтік кеңес төрағасының міндеттерін орындау «Казкоммерцбанк» АҚ өкіліне жүктелді.

ДӘУРЕН ҚАРАБАЕВ, «ҚАЗАҚСТАН ХАЛЫҚ ЖИНАҚ БАНКІ» АҚ

АИДА ДЕРЕВЯНКО, «АТФ БАНК» АҚ

ЛИНАРА ӘНУАРБЕКОВА, «КАЗКОММЕРЦБАНК» АҚ

ТАТЬЯНА БЕЛОЗЕРЦЕВА, «АЛЪЯНС БАНК» АҚ

ҚАЙРАТ ЖАНЫБЕКОВ, «BANK RBK» АҚ

(солдан оңға қарай)




ПАВЕЛ МИРОНОВ, «KASPI BANK» АҚ
ӘЛИЯ БЕРГАРИПОВА, «ЕУРАЗИЯЛЫҚ БАНК» АҚ
ИРИНА ПАРАМОНОВА, «ТЕМІРБАНК» АҚ
МҰРАТ ӘБІШЕВ, «БАНК ЦЕНТРКРЕДИТ» АҚ
СЕРГЕЙ ИНЮШИН, «ЖИНАҚ БАНКІ» АҚ ЕБ
(солдан оңға қарай)




2011 жылдағы ҚАЗАҚСТАННЫҢ БАНК СЕКТОРЫ


Қазақстан ЖІӨ-нің динамикасы (Ақпарат дерекнамасы: Қазақстан Ұлттық Банкінің статистикалық бюллетені)



Экономикадағы банк секторы



Қарыз қоржыны және провизиялар, трлн. теңге



2011 жылы Қазақстан экономикасы ЖІӨ 7,5%-дық өсіммен сипатталды. Салыстыру үшін – 2010 жылы бұл көрсеткіш 7,3% құрады. Қазақстан экспортының шикізат баптары бағаларының біршама жоғары деңгейі әлемдік қаржы дағдарысы кезеңінде сыртқы шоктардың жағымсыз әсерін жұмсартты, және өткізілген курстық саясатпен бірлесе экономикалық өсімнің жоғары үрдісін және экономиканың бәсекеге қабілеттілігін сақтауға септігін тигізді¹.

Есепті жылы Қазақстанда өтімділіктің жоғарғы деңгейі байқалды: банктердің жиынтық активтерінде жоғарыөтімді активтердің үлесі 20%-дан төмендемеді. Банктердің өтімділігінің мұндай жоғарылығы бір жағынан жалғасын тапқан банктердің консервативті несиелік саясатымен, екінші жағынан – экономикалық тұрақсыздық жағдайында өзін қауіпсіздендіруге ұмтылумен байланысты. Сонымен қатар өтімділіктің шамадан тыс жоғарылығы мен олардың несиелік консерватизмі есепті жылы банктердің кірістілігінің төмендеуіне әкеліп соқты.

Жалпы, банктер активінің жылдық өсімі 6,5% немесе 787 млрд. теңгені құрады, ал жиынтық активтері 12,8 трлн. теңгеге жетті.

Қазақстанның банк секторының негізгі проблемасы бұрынғыдай активтердің сапасының төмендігі болып отыр. Бұл қиындық 2010 жылы қайта құрылымдаудан өткен банктерде («БТА Банк» АҚ, «Альянс Банк» АҚ және «Темірбанк» АҚ) жалғасын табуда. Нақтырақ айтқанда, «БТА Банк» АҚ Директорлар Кеңесі міндеттерді екінші мәрте қайта құрылымдауды өткізуді ұсынды. «БТА Банк» АҚ сыртқы қарызының қайта құрылымдау процесінің аяқталуы 2010 жылдың екінші жартысында банктің жиынтық қарызын 12 млрд. АҚШ долларынан 4,4 млрд. АҚШ долларына дейін төмендетуге қол жеткізіліп, ал 2010 ж. 1 шілдесінен банктің жиынтық міндеттеріндегі сыртқы міндеттерінің үлесі 41,0%-дан 2011 ж. 01 шілдесіне дейін 34,6%-ға дейін қысқарса да, активтерінің сапасының төменділігіне, қорландырудың жоғары құндылығына, елеулі операциялық шығыстар мен капиталдың жетіспеушілігіне байланысты банк зор қиындықтарды басынан кешуде.

Банктердің жиынтық ссудалық портфелі бір жылда 10,5 трлн. теңгеге немесе 15,5% өсті (1,4 трлн. теңге), ал банктердің несиелерінің ЖІӨ арақатынасы 42,3%-дан 38,5%-ға дейін төмендеді. Сонымен қатар, 2008-2010 жылдар аралығында банктердің ең консервативті несиелік саясатымен түсіндірілетін несиелік портфелінің елеусіз өсімі байқалса, 2011 жылы банктік несиелеудің жандану процесі басталды. Банктердің корпоративтік сектор және халық тарапынан несиелік сұранысы өскенін байқағанын айта кету орынды. Бірақ банктердің несиелік алушыларға қойған қатаң талаптары өз тарапынан несиелік портфель сапасына кері әсерін тигізіп, жаңа несиелік беруге кедергі жасауда. Осылайша, 2011 ж. 31

¹ Қазақстан Ұлттық Банкінің 2011 жылғы қаржылық тұрақтылық туралы есебіне сәйкес.

желтоқсан жағдайына жиынтық несиелік портфельде стандартты несиелердің үлесі 25,7% құрады, күмәнділер үлесі – 52,3% (соның ішінде 5-і санатты күмәнді – 14,0%) және үмітсіз борыштардың үлесі – 22,0%. Сонымен бірге шағын банктер өздерінің несиелік портфель сапасының жақсаруына қол жеткізді.



Банктік қорландыру құрылымын сыртқы тәсілден ішкіге ауыстыру басым бөлігінде депозиттерді тарту арқасында жүзеге асырылды. 2011 жылы қазақстандық банктердің жиынтық депозиттік базасы 14,2%-ға ұлғайып, банктік қорландырудың жалпы көлемінің 2/3 бөлігін құрады. Ішкі депозиттер көлемінің ұлғаюының жоғары екіні банктік секторға демеу жасау бойынша қолданылған шаралар арқасында халықтың сенімін сақтау, соның ішінде кепілдік берілген өтемнің максималды сомасын бес миллион теңге деңгейінде тұрақты түрде сақтаумен байланысты.

Депозиттік базаның жиынтық жылдық өсімі 14,2%, немесе 973 млрд.теңгені құрады, 7,8 трлн. теңгеге дейін, соның ішінде жеке сауда депозиттерінің 22,6%, немесе 508,8 млрд.теңгеге өсімі байқалды, 2,8 трлн.теңгеге дейін. 2011 ж. жеке тұлғалардан депозиттердің тоқсандық келуі 5% белгісінен асқанын айта кету керек. Бұл бөлшек секторы депозиттерінің өсім үрдісі ақырындап дағдарысқа дейінгі кезең көрсеткіштеріне оралуының айқындығы.

2011 ж. 31 желтоқсан жағдайына бөлшек депозиттер базасының құрылымы келесідей көріністе: ең көп бөлігін жалпы үлесі 86,2% мерзімді және шартты салымдар алады, одан әрі ағымдағы және карт-шоттардағы қалдықтар сомалары (12,6%), талап етуге дейінгі салымдар (1,2%).

Егер 2010 жылы халық депозиттерінің өсімі біріншіден 15 млн. теңгеден астам ұлттық валютадағы ірі салымдардың көбеюіне байланысты болса, 2011 жылдың қорытындысы бойынша ең елеулі өсім (113,7 млрд.теңге көлемінде) 5 млн.теңгеге дейінгі ұлттық валютадағы мерзімді және шартты салымдар мен 15 млн. теңгеден астам ұлттық валютадағы ірі салымдар бірдей құрады. Қаралып отырған кезеңде 5-тен 15 млн.теңгеге дейін мерзімді және шартты салымдардың портфелі 72 млрд.теңгеге ұлғайды (немесе 26,8%-ға). Сонымен қатар 15 млн. теңгеден астам ірі мерзімді және шартты салымдар бойынша таза жылдық өсім 222,8 млрд.теңгені құрады (немесе 23,1%).

Салымдардың тоқсандар бойынша өзгерістері, млн. теңге



«Бата» жүйесі топтарының құрамындағы банктер бөлінісінің құрылымы

Негізгі қаржылық көрсеткіштерге негізделген «БАТА» міндетті күнтізбелік жарналардың сараланған мөлшерлемелер жүйесіне сәйкес, 35 қатысушы-банктің 11 есепті жылы өз шептерін жақсартып, төмен жарналар төлеу тобына өтті. «БАТА» жүйесі қатысушы-банктерді банктің кепілді салымдарының жалпы сомасынан тоқсандық жарна мөлшерлемесі 0,04%, 0,08%, 0,11%, 0,19%, 0,38% құрады және сәйкесінше «А», «В», «С», «D», «Е» бес жіктеу тобына үйлестірілді. Егер 2010 жылдың төртінші тоқсанында «D», «Е» топтарында ДКБЖ 34 қатысушы-банктің 18 болса, 2011 жылғы төртінші тоқсанның қорытындысы бойынша осы топтарға 35 қатысушы-банктің 14 келеді.

ДЕПОЗИТТЕРГЕ КЕПІЛДІК БЕРУ ЖҮЙЕСІНЕ ҚАТЫСУШЫ-БАНКТЕР

Қолданыстағы заңнама жеке тұлғалардың банктік шоттарын ашып, жүргізуге және депозиттер қабылдауға лицензиясы бар банктердің барлығының депозиттерге кепілдік беру жүйесіне міндетті мүшелігін қарастырады. Есепті жылдың басында депозиттерге кепілдік беру жүйесіне қатысушылар ретінде Қазақстанның екінші деңгейлі 39 банктерінің 34 болды.

Маусым айында бұған дейін жеке тұлғалардың депозиттерімен айналыспаған «Банк Kassa Nova» АҚ, сәйкесінше лицензия алып, депозиттерге кепілдік беру жүйесіне енді.

2010 жылы ДҚБЖ-нен шығарылған «Қазинкомбанк» АҚ, 2011 жылдың тамызында қайта қатысушы-банк болды. Ал қыркүйек айында осы банк «Bank RBK» Банкі» АҚ деп атауын өзгертті.


Punjab National Bank үнді банкімен акциялардың бақылау пакетін алуына байланысты «Данабанк» АҚ «Punjab National Bank» – Қазақстан» Еншілес Банкі АҚ деп аталды (қысқаша атауы – «PNB – Қазақстан» ЕБ АҚ).

Шілдеде қабылданған Қазақстан Ұлттық Банкі Басқармасының Қаулысымен «Банк «Астана-Финанс» АҚ «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» Заңына сәйкес талаптарды орындамағаны үшін жеке тұлғалардың банктік шоттарын ашып, жүргізу және депозит қабылдау бөлігінде банктік және басқа операцияларды жасау үшін лицензиясы кері шақырылды. Осыған байланысты аталған банк ДҚБЖ-нен шығарылды.

Сол айда заңнаманы бұзғаны үшін «ТАИБ Қазақ Банкі» ЕБ АҚ және «СЕНИМ-БАНК» АҚ үш ай мерзімге жеке тұлғалардың банктік шоттарын ашып, жүргізу және депозит қабылдау бөлігінде лицензияның күші тоқтатылды.

Осылайша, жыл аяғына ДҚБЖ қатысушылардың саны 35 банкті құрады.

2000-2011 жж. қазақстандық
депозиттерге кепілдік
беру жүйесіне қатысушы-
банктердің саны



**ДЕПОЗИТТЕРГЕ МІНДЕТТІ КЕПІЛДІК БЕРУ ЖҮЙЕСІНЕ ҚАТЫСУШЫ-БАНКТЕРДІҢ
2011 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДАҒЫ ЖАҒДАЙ БОЙЫНША ТІЗІМІ**

#	БАНК АТАУЫ	ДЕПОЗИТТЕРГЕ КЕПІЛДІК БЕРУ ЖҮЙЕСІНЕ ҚАТЫСУШЫ КУӘЛІГІНІҢ НӨМІРІ
1	«БТА БАНКІ» АҚ	№ 001
2	«БАНК ЦЕНТРКРЕДИТ» АҚ	№ 002
3	«ҚАЗАҚСТАН ХАЛЫҚ ЖИНАҚ БАНКІ» АҚ	№ 003
4	«АТФБАНК» АҚ	№ 004
5	АҚ ЕБ «RBS (KAZAKHSTAN)»	№ 005
6	«ТЕМІРБАНК» АҚ	№ 006
7	«БАНКПОЗИТИВ ҚАЗАҚСТАН (БАНК АПОАЛИМ Б.М. БАНКІНІҢ ЕБ)» АҚ	№ 008
8	«ҚАЗКОММЕРЦБАНК» АҚ	№ 009
9	«НҰРБАНК» АҚ	№ 010
10	«KASPI BANK» АҚ	№ 011
11	«СИТИБАНК ҚАЗАҚСТАН» АҚ	№ 012
12	«DELTA BANK» АҚ	№ 013
13	«HSBC БАНК ҚАЗАҚСТАН» АҚ ЕБ	№ 014
14	«ЕУРАЗИЯЛЫҚ БАНК» АҚ	№ 015
15	«ЦЕСНАБАНК» АҚ	№ 016
16	«АЛЪЯНС БАНК» АҚ	№ 017
17	«АЛЬФА-БАНК» ЕБ АҚ	№ 018
18	«ЖИНАҚ БАНКІ» АҚ ЕБ	№ 020
19	«ТАИБ ҚАЗАҚ БАНКІ» ЕБ АҚ	№ 022
20	«ASIACREDIT BANK (АЗИЯКРЕДИТ БАНК)» АҚ	№ 023
21	«СЕНІМ-БАНК» АҚ	№ 024
22	«ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТҰРҒЫН ҮЙ ҚҰРЫЛЫС ЖИНАҚ БАНКІ» АҚ	№ 025
23	«ЗАМАН-БАНК» АҚ	№ 026
24	«ҚЗХ БАНКІ ЕБ» АҚ	№ 028
25	АҚ ЕБ «ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҚЫТАЙ БАНКІ»	№ 029
26	«PNB-ҚАЗАҚСТАН» ЕБ АҚ	№ 030
27	«АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНДАҒЫ ҚЫТАЙ САУДА-ӨNERКӘCІП БАНКІ» АҚ	№ 032
28	«ҚАЗИНВЕСТБАНК» АҚ	№ 033
29	«ХОУМ КРЕДИТ БАНК» АҚ	№ 034
30	«ПӘКІСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІCІНІҢ» ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЕНШІЛЕС БАНКІ АҚ	№ 035
31	«МЕТРОКОМБАНК» АҚ	№ 037
32	«ШИНХАН БАНК ҚАЗАҚСТАН» АҚ	№ 039
33	БАНК ВТБ (ҚАЗАҚСТАН) АҚ ЕҰ	№ 040
34	«БАНК KASSA NOVA» АҚ	№ 041
35	«BANK RBK» АҚ	№ 042

БАНКТЕРДІ ТАРАТУ ЖӘНЕ САЛЫМШЫЛАРҒА КЕПІЛДІК БЕРІЛГЕН ӨТЕМДІ ТӨЛЕУ

Қазіргі уақытта екі банк «Наурыз Банк Қазақстан» АҚ және «Валют-Транзит Банк» АҚ мәжбүрлеп тарату процесінде.

«Наурыз Банк Қазақстан» АҚ 2005 жылғы қарашадан бастап сот шешімі бойынша таратылуда. Осы мерзім ішінде Қор сол банктің 3 637 салымшысына жиынтық сомасы 679,5 миллион теңге кепілдік берілген өтемді төледі.

	«Наурыз Банк Қазақстан» АҚ	«Валют-Транзит Банк» АҚ
Қормен салымшыларға төленген кепілдік берілген өтемнің сомасы	679,5 млн. теңге	13,87 млрд. теңге
Қордан кепілдік берілген өтем алған салымшылар саны	3 637	63 191
Банктің тарату комиссиясымен қанағаттандырылған Қор талаптарының үлесі	88%	3 637

«Наурыз Банк Қазақстан» АҚ тарату комиссиясы Қорға оның жалпы талаптарының үшінші кезектегі кредиторлар шеңберінде 88% өтеді. Қазіргі уақытта Қор өкілі банктің кредиторлар комитетінің төрағасы міндетін атқаруда. Осы шараның шеңберінде есепті жылы банк активтерінің жағдайы, наразылық-талап арыз жұмысы және тарату өндірісінің шығыстары негізділігі талданды.

«Валют-Транзит Банк» АҚ тарату рәсімі 2007 жылдың наурыз айынан бастап өткізілуде. Қордан кепілдік берілген өтемді 63 191 салымшы алды. Төленген өтемнің жалпы сомасы 13,87 миллиард теңгені құрады. Салымшылардың алдындағы өз міндеттерінің 97% астамын Қор төлемдерді бастау сәтінен бастап бірнеше ай ішінде орындады. 2011 жылы Қор 13 салымшыға 2,3 миллион теңгеге жуық өтемді төледі. Осы банк бойынша кепілдік берілген өтемнің қалған сомасы Қордың жиынтық міндеттері сомасының 2% құрайды.

Банктің тарату комиссиясына Қордың екі өкілі қатысуда, оның біреуі тарату комиссиясы төрағасының орынбасары. Қордың өкілі, сонымен қатар, «Валют-Транзит Банк» АҚ кредиторлар комитеті төрағасының орынбасары болып табылады. Есепті жылдың аяғында банктің тарату комиссиясымен төленген Қор талаптарының мөлшері 5,09 миллиард теңгені құрады немесе Қордың талаптарының үшінші кезектегі кредиторлар шеңберінде 36%.

Банктің тарату комиссиясы және кредиторлар комитеті құрамында Қор тарату комиссиясының бөлімшелерінің қызметін бақылау, наразылық-талап арыздық жұмыс жүргізумен, банк активтерін өткізумен айналысып, сонымен қатар өкілетті орган, Қарағанды облысының құқық қорғау және жергілікті атқарушы органдар өкілдерімен банкті тарату процесінің қиындықтары мен оларды шешу жолдары талқыланған «дөңгелек үстел» отырыстарына қатысты.

Қор өкілдері салымшылармен кездесулерге, «Валют-Транзит Банк» АҚ «Салымшылардың бастамашы тобы» қоғамдық бірлестік өкілдерімен кездесулерге қатысып, оларды ағымдағы тарату өндірісінің процесі жөнінде хабардар етті, сонымен қатар Қазақстан Республикасында депозиттерге кепілдік беру жүйесіне байланысты мәселелерді түсіндірді.



Қордың арнайы резерві


Мәжбүрлеп таратылып отырған банктердің салымшыларына кепілдік берілген өтемдерді төлеу Қормен арнайы резерв қаржысынан жүзеге асырылады. Депозиттерге кепілдік берудің нәтижелі жүйесін құрудың негізгі қағидаттарға сәйкес осы резерв жинақтаушы негізде құралады (ex ante funding). Қазақстан заңнамасымен Қордың арнайы резервін толтыру сақтандыру жағдайынан кейін, оның жетіспеушілігі пайда болған жағдайда қарастырылған (ex post funding). Осылайша, Қордың арнайы резерві аралас негізде шоғырлануда.

Депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы Заңға сәйкес, Қордың арнайы резервін қалыптастыру көздері:

- Қатысушы-банктердің міндетті күнтізбелік (тоқсан сайындық негізде алынатын) және қосымша жарналары (кепілдік берілген өтемді төлеу үшін пайда болған арнайы резерв жетіспеушілігін жабу мақсатында алынатын қатысушы-банктердің бір жолғы төлемдері);
- Қосылу шарты бойынша өз міндеттерін орындамағаны немесе тиісті дәрежеде орындамағаны үшін қатысушы-банктерге қолданылатын айып төлемі;
- Мәжбүрлеп таратылып жатқан қатысушы-банкпен банк салымшыларына төленіп жатқан кепілдік берілген өтем сомалары бойынша Қордың талаптарын қанағаттандыру тәртібінде алынған ақша;
- Активтерді қаржылық құралдарға орналастырудан түскен Қордың инвестициялық кірісі;
- Елу пайыздан аспайтын Қордың жарғылық капиталының үлесі (Акционердің шешімі бойынша).


Есепті жылдың аяғында арнайы резерв бір жылда 34,9 миллиард теңгеге өсіп (немесе 28 пайызға) 161 миллиард теңгені құрады. Соның ішінде қатысушы-банктердің міндетті күнтізбелік жарналары 67,1 миллиард теңгені, қатысушы-банктердің тарату комиссияларынан салымшыларға кепілдік берілген өтемді төлеу бойынша қарызды өтеу ретінде алынған сома – 5,8 миллиард теңгені, Қордың таза кірісі – 21,6 миллиард теңгені, Қордың жарғылық капиталының 50% – 66,6 миллиард теңгені құрады. Сонымен қатар, есепті жылы Қордың резервіне: 1) қатысушы-банктерден міндетті күнтізбелік жарналар – 20,3 миллиард теңге, 2) қатысушы-банктердің тарату комиссияларынан түсімдер – 638 млн.теңге, 3) таза инвестициялық табыс – 8,3 млрд. теңге түсті.

2010 жылдың 31 желтоқсанына



Қордың арнайы резервінің құрылымы


2011 жылдың 31 желтоқсанына



АКТИВТЕРДІ ИНВЕСТИЦИЯЛАУ

Есепті жылдың соңында Қор активтері бір жылда 41,5 миллиард теңгеге немесе 20,5 пайызға өсіп, 243,9 миллиард теңгені құрады.

Қор активтері




Есепті жылы әр түрлі қаржы құралдарына 234,5 миллиард теңге немесе Қордың барлық активтерінің 96 пайызы инвестицияланды. Жыл қорытындысы бойынша сенімгерлік басқарудағы активтер 40,9 миллиард теңгеге өсті, ал есепті жылы инвестициялық кіріс 13 миллиард теңгені құрады (былтырғы жылдың аяғына ұқсас көрсеткішпен салыстырғанда 59% өсім).

Қор активтерінің сенімгерлік басқарушысы болып Қазақстан Ұлттық Банкі табылады. Инвестициялауға рұқсат етілген қаржы құралдары мен Қордың активтерін инвестициялау тәртібі заңнамаға сәйкес Қазақстан Ұлттық Банкімен анықталады. Өткен жылдардағыдай, Қор есепті жылы айтарлықтай консервативті инвестициялық саясатты ұстанды. Бұл саясаттың басты мақсаты Қор активтерінің сақталуын қамтамасыз ету болып табылады. Қордың инвестициялық стратегиясы валюта нарығында, банктік секторда, қаржы құралдарының кірістілігі және басқа да факторлар қалыптасқан жағдайға байланысты Қордың Директорлар кеңесімен үрдісті негізде қаралып отырады.

Есепті жылдың сәуір айының соңында Қордың Директорлар кеңесі оның 2011 жылға Инвестициялық стратегиясын өзгертіп, АҚШ долларына шаққандағы ұлттық валютаның әлдену үрдісінің байқалуы мен бағамның теріс айырмашылығы салдарынан пайда болатын Қор шығыстарына жол бермеуіне байланысты, Қордың инвестициялық портфельінің валюталық дәлізі мөлшерін 30%-40%-дан 25%-35% дейін төмендетті. Есепті жылы «Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» АҚ қаржы құралдарын есепке алу ережелері бекітілді.

2011 ж. 31.12. жағдайына инвестициялық портфельдің құрылымы



«БАТА» ЖАРНАЛАРДЫҢ САРАЛАНҒАН МӨЛШЕРЛЕМЕЛЕР ЖҮЙЕСІ ЖӘНЕ АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ

Есепті жылы Қор «БАТА» (бұдан әрі «БАТА» жүйесі) міндетті күнтізбелік жарналардың сараланған мөлшерлемелер жүйесін міндетті күнтізбелік жарналардың сараланған мөлшерлемелерін есептеу әдістемесін көшенді қарау бөлігінде банктік сектордағы өзгерістерді ескере отырып, қатысушы-банктер мен реттеуші органдардың ұсыныстары мен ескертулерін қамтып, оны одан әрі жетілдіру және модификациялау жұмыстарын жүргізді. Наурыз және сәуір айлары бойы Қор коэффициенттер мен олардың өту мәндерін статистикалық тестілеуден өткізді. Осылайша, осы тестілеуден өткен коэффициенттер ғана Міндетті күнтізбелік, қосымша және төтенше жарналарды төлеу тәртібі және мөлшерін анықтау ережелеріне (бұдан әрі Ережелер) Өзгерістер мен толықтырулар жобасының соңғы нұсқасына енгізілді. Коэффициенттердің статистикалық талдауы кезінде қолданылған негізгі өлшемдер: берілген коэффициенттердің статистикалық мәндері, коэффициенттердің өзара төмен корреляциясы, олардың жоғары дисперсиясы және т.б.

Мамырда Қордың Консультативтік кеңес шеңберінде қатысушы банктермен Ережелерге өзгерістер мен толықтырулар мақұлданып, Қордың Директорлар кеңесімен бекітілді.

Осылайша, есепті жылдың ортасында «БАТА» жүйесін модификациялау және мәндендіру жұмыстары аяқталды.

Операциялық тәуекелді (атап айтқанда, қызметкер тәуекелін) ықшамдау мақсатында, 2008 жылы Қор «БАТА» жүйесі бойынша есептеулерді автоматтандырды. Мамандандырылған ақпараттық жүйе («БАТА» АЖ) банктер қатынасы бойынша шығыс есептер мен хаттарды құрап, индикаторлар бойынша есептеулер жүргізуге, қатысушы-банктердің реттеуші және қаржылық есептемелерін автоматты түрде енгізуге мүмкіндік береді.

Күнтізбелік жарналардың сараланған мөлшерлемелерін есептеу әдістемесінің үнемі жетілдіруіне байланысты, «БАТА» АЖ де үнемі бейімделуді және жетілдіруді талап етеді. Осылайша, есепті жылдың мамыры мен маусымында «БАТА» ақпараттық жүйесінің Ережелерге енгізілген соңғы өзгерістері ескеріліп, Қормен оны бейімдеу жұмыстары атқарылды.



ҚАТЫСУШЫ-БАНКТЕРДІ ТЕКСЕРУ

Қор 2009 жылғы ақпаннан бастап депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесіне қатысушы-банктерде кепілдік берілген депозиттерді есепке алудың автоматтандырылған дерекқорының Қордың бірегей талаптарына сәйкестігін анықтауды ұдайы жүргізеді және онымен қатысушы-банкті мәжбүрлеп тарату жағдайында салымшыларға кепілдік берілген өтемді төлеу сияқты өзінің негізгі функцияларының бірін тиісінше және уақтылы орындамау тәуекелін барынша азайту мақсатын көздейді.

2011 жылы кепілдік берілген депозиттерді есепке алудың автоматтандырылған деректер қорының Қосылу шарты талаптарына сәйкестігін анықтау бойынша шаралар он қатысушы-банкте өткізілді. Сондай-ақ, Қор қызметкерлері қатысушы-банктермен ұсынылатын жеке тұлғалардың депозиттері бойынша сыйақы мөлшерлемелерінің Қормен ұсынылатын кепілдеме сипатына ие максималды мөлшерлемелеріне сәйкестігін де тексеруден өткізді. Тексеру кезінде барлық айқындалған сәйкессіздіктер қатысушы-банктермен есепті жыл ішінде жойылды.

Қор депозиторларға кепілдік берілген өтемді уақтылы, толықтай және тиімді төлеуін қамтамасыз ету мақсаттарында төмендегідей бизнес-процестерді автоматтандыру үшін бағытталған арнайы ақпараттық жүйені құруға кірісті:

- Қатысушы-банктердің кепілдік берілген депозиттерді есепке алудың автоматтандырылған дерекқорында салымшылар туралы ақпараттар құрылысы мен толықтығының Қор талаптарына сәйкестігін анықтау;
- Мәжбүрлеп таратылған банктің тарату комиссиясынан алынған деректерді жүктеуі және өңдеуі;
- Агент банктен алынған кепілдік берілген өтемді төлеу бойынша мәліметтерді жүктеу және өңдеу.

Ақпараттық жүйе барлық аталмыш процестерді едәуір тездету мен бұл процестердің механикалық міндеттерінде адами факторды жою арқылы қателерді азайту мақсаттарына ие, ал бұл ақырғы аяғында, мәжбүрлеп таратылған банктердің салымшыларына кепілдік берілген өтемді Қордың төлеуі бойынша мерзімді сақтауға септігін тигізеді.

Әзірлеу барысында «DepInfo» ақпараттық жүйесі дерекқоры құрылысының, оның функционалдық модульдерінің, бағдарламалық және техникалық сәулеті мен тұтынушылық интерфейс жобасы іске асырылды, сондай-ақ, ақпараттық жүйенің техникалық жобасы құрылды.

Есепті жылдың соңғы екі тоқсаны ішінде жүйені құрудың үшінші кезеңі – қатысушы-банктердің кепілдік берілген депозиттерін есепке алудың автоматтандырылған дерекқорында салымшылар туралы мәліметтер құрылысы мен толықтығының Қор талаптарына сәйкестігін анықтау процесін автоматтандыру үшін арналған оның технологиялық модулін әзірлеу мен дамыту жүзеге асырылуда.

Бұл модульдің функциялары кепілдік берілетін жеке тұлғалардың қатысушы-банктерде орналастырылған салымдары туралы мәліметтердің құрылысын жалпы тексеруден, мәліметтердің логикалық бақылауынан, ақпараттың толықтығы мен дұрыстығын тексеруден, қатысушы-банктің бас бухгалтерлік кітабына, әсіресе 700-Н баланстық есепке, жоғарыда көрсетілген мәліметтердегі депозиттер мен несиелер бойынша деректердің сәйкестігін тексеруден тұрады.

ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ

Қаржылық тиімділік пен активтерді басқарудың кірістілігін және шығындар мүмкіндігін анықтауды, басқармашылық және қаржылық ақпараттың уақтылығы мен толыққандығын, сонымен қатар Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтауды қамтамасыз ету мақсатында, Қорда ішкі бақылау жүйесі құрылды.

Қорда тәуекелдерді бағалау 2008 жылы қабылданған Тәуекелдерді басқаруды ұйымдастыру ережелеріне сәйкес жүзеге асырылады. Қордың Тәуекелдерді басқару комитеті жыл сайын Қордың бизнес-процестерін бағалайды, Қор қызметіндегі өте жоғары, жоғары және орта деңгейлі тәуекелдердің бар болуы туралы ақпарат көрсетілген біртұтас карта жасайды және олардың деңгейін ықшамдау үшін шаралар туралы ұсыныстар дайындайды.

Жыл сайын тәуелсіз аудиторлық компаниямен Қор қызметіне және бизнес-процестерді іске асыруды ішкі бақылау жүйесінің тәуекелдер деңгейі бағаланады. Тексеріс нәтижесі бойынша аудиторлық компаниямен айтылған жүйелерді жетілдіру бойынша ұсыныстар беріледі. Қордың тәуекелдерін басқару жүйесінің бағалауы туралы есептеме, сонымен қатар Қордың тәуекелдерді ықшамдау бойынша ұсыныстары мен іс-шаралар жоспары Қордың Директорлар кеңесіне, оларды қарап тексеруге және бекітуге тапсырылады.

ӨТЕ ЖОҒАРЫ, ЖОҒАРЫ ЖӘНЕ ОРТА ДЕҢГЕЙЛІ ТӘУЕКЕЛДЕР ТҮРЛЕРІ	2011 ЖЫЛЫ ТӘУЕКЕЛДІҢ АЛДЫН АЛУ НЕМЕСЕ ЫҚШАМДАУ БОЙЫНША ҚОРМЕН ҚАБЫЛДАНҒАН ШАРАЛАР
Жүйелік тәуекелдер:	
1) Қордың кепілдік берілген өтем бойынша қызметін тиісті деңгейде орындамау тәуекелі	Банктердің АБИС кепілдендірілген депозиттерді есепке алудың реті бойынша банктерге талаптар қойылды. 10 қатысушы-банкте автоматтандырылған кепілдендірілген депозит тізілімін құру жүйесінің Қор талаптарына сәйкестігін тексеру жүргізілді. Тарату комиссиясынан алынған депозиторлардың тізілімін тексеру процесін және екінші деңгейлі банктер қалыптастырған салымшылар туралы Мәліметтерді автоматтандыру үшін арнайы мамандандырылған бағдарламалық қамтамасыз ету әзірленіп жатыр. Агент-банкпен үлгілік агенттік келісім жасалды. Қордың штаттан тыс қызметкерлері үшін агент-банк жасаған кепілдік берілген төлемдерді енгізу және өңдеу алгоритмі дайындалды.
2) Арнайы резервінің жетіспеушілігі тәуекелі	Қор акционерімен Қордың жарғылық капиталы 121-ден 133,1 миллиард теңгеге дейін ұлғайтылды. Қордың инвестициялық стратегиясы қайта қарастырылып, қатысушы-банктердің жарналарды уақытылы және толықтай төлеуі бойынша тиісті мониторинг пен бақылау қамтамасыз етілді.
3) Тарату массасынан Қордың арнайы резерв қаражаттарының қайтарылмау тәуекелі	Таратылатын банктердің кредиторлар комитетіне және тарату комиссиясы құрамына Қордың қатысуы – есепті кезең аяғына Қор өз шығыстарының 88% «Наурыз Банк Қазақстан» АҚ бойынша, ал «Валют-Транзит Банк» АҚ бойынша 36% өтеді. Банкті тарату процесін оңтайландыру және тарату өндірісінің шығыстарын қысқарту, сонымен қатар банктің тарату комиссиясының наразылық-талап арыз жұмысы бойынша ұсыныстар жасалды.
4) Қор серіктестеріне ақпараттарды ұсынбау немесе дер кезінде ұсынбау, не қате ақпаратты ұсыну тәуекелі	Қор серіктестерімен бекітілген келісімшарттар мен келісімдерде ақпараттар тізімі және оны ұсынудың мерзімі толық жазылған. Қор серіктестерінен ақпараттарды алу мерзімін, сонымен қатар алынған ақпараттың дұрыстығын тексеру орнатылды.



ӨТЕ ЖОҒАРЫ, ЖОҒАРЫ ЖӘНЕ ОРТА ДЕҢГЕЙЛІ ТӘУЕКЕЛДЕР ТҮРЛЕРІ	2011 ЖЫЛЫ ТӘУЕКЕЛДІҢ АЛДЫН АЛУ НЕМЕСЕ ЫҚШАМДАУ БОЙЫНША ҚОРМЕН ҚАБЫЛДАНҒАН ШАРАЛАР
ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕР:	
1) Құқықтық тәуекел	ҚКҚ таратылымдары бойынша қарастырылып жатқан жобалардың нормативтік-құқықтық актілерінің мониторингі. ҚКҚ және ҚРҰБ жұмыс топтарына қатысу. Біліктілігі жоғары мамандарды тарту.
2) Ақпараттық қауіпсіздік тәуекелі	Ақпараттық жүйе администраторларының қауіпсіздік саясатын орнатуы, ақпараттарды жүйелі түрде архивтеу, серверде және сақтау орнында резервті көшірмелерін жасау. Сайтты білікті жабдықтаушылардың техникалық қолдауы, Қордың міндетті қызметкерлерінің мемлекеттік сатып алу бойынша сайтты және веб-порталды жүйелі түрде мониторингілеуі.
3) Технология тәуекелі	ФАСТИ каналы бойынша келіп түскен/ жіберілген хабарламаларды қосқанда, резервті көшірмелерді жүйелі түрде жасау. Астана қаласының резервті орталығынан орын бөліп беру туралы ҚРҰБ-не сұрату жасалды. «БАТА» АЖ-не өзгертулер мен/немесе толықтырулар енгізу үшін «БАТА» АЖ Администраторының ағымдағы тексеруі, оны одан әрі қызмет жабдықтаушының белгілі жобаны әзірлеуінің дұрыстығын жарналардың сараланған мөлшерлемелерін есептеу және методология бөлімі бастығының тексеруі.
4) Қызметкер тәуекелі	Қор қызметкерлерін IADI ұйымдастыратын халықаралық конференциялар мен семинарларға жіберу және басқа да оқыту тәсілдері арқылы олардың кәсіби біліктілігін арттыру және оқыту.
ҚАРЖЫЛЫҚ НАРЫҚТЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕР (валюта және баға тәуекелдері, пайыздық мөлшерлеме тәуекелі)	Валюта нарығын мұқият зерттеу. Шет мемлекеттердің «АА» - Standard&Poors / «Аa2» - Moody's рейтингісінен төмен емес бағалы қағаздарын сатып алу. Мемлекетпен қамтамасыз етілген жоғарыөтімді бағалы қағаздарды сатып алу. Сенімді басқарушылармен жүйелі түрде кеңесу.



ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІ БАСҚАРУ

Есепті жылдың аяғында Қордың тұрақты қызметкерлерінің саны 25-ке жетті, соның ішінде тоғызы ғылым кандидаты немесе қаржы, экономика саласында магистр дәрежесіне ие.

Кадрлардың тұрақтауы деңгейі 2011 жылы 2010 жылмен салыстырғанда 2 % өсіп, 23 % құрады.

Кадрлық мүмкіндікті дамыту Қордың басымды міндеттерінің бірі болып табылады. Келесі түрде жүзеге асырылатын қызметшілерді оқытуға көп көңіл бөлінеді:

■ жаңа қызметшілерге арнайы таныстыру семинарлары мен тұсаукесерлер өткізіледі;

■ депозиттерді сақтандыру жүйелерінің халықаралық қауымдастығы шеңберінде шетел ұйымдарымен өткізілетін халықаралық конференциялар мен семинарларға қатысу;

■ қор қызметкерлері депозиттерді сақтандыру, сонымен қатар банктік және қаржылық қадағалау бойынша оқу курстарын қамтыған, депозиттерді сақтандыру ұйымдары мен қаржы нарығының реттеушілеріне арналған электронды онлайн оқу және ақпараттық ресурс болып табылатын FSI Connect интернет-сайтында оқу курстарын өтуде.

Есепті жыл бойы Қордың алты қызметкерлері шетелдік семинарларға қатысты, соның ішінде қаржы нарығының жағдайын бағалау сұрақтары бойынша, депозиттерді сақтандыру ұйымдарының арнайы резервін қорландыру және басқару, проблемалы банктердің қаржылық дәрменсіздігін реттеу, сонымен қатар салымшыларға мәжбүрлі түрде таратылған банктердің кепілдік берілген өтемдерін төлеу процесі. Қордың барлық қызметкерлері IADI Еуразиялық аймақтық комитетінің төртінші жылдық жиналысы шеңберінде «Проблемалы банктердің қаржылық дәрменсіздігін және кепілдік берілген өтемдерді төлеуді реттеу тәсілдері» семинарына тыңдаушы және сөз сөйлеуші ретінде қатысты.


Іскерлік қатынасхаттарды мемлекеттік тілде жүргізуді дамыту мақсатында Қор қызметкерлеріне жыл бойы арнайы дайындалған курстар өткізілді.

Қор корпоративтік іс-шараларды үнемі өткізу арқылы ұйым ішінде қолайлы моральдық климатты белсене қолдайды. Сонымен қатар, барлық қызметкерлерге әлеуметтік пакет қарастырылған, оның ішіне жұмыс берушінің тарапынан медициналық сақтандыру кіреді.

Қор қызметкерлерінің сипаттамасы

	2009 Жылдың аяғына	2010 Жылдың аяғына	2011 Жылдың аяғына
Қор қызметкерлерінің саны	25	26	25
Ғылыми дәрежесі бар қызметкерлер (ғылым кандидаттары мен магистрлер)	5	8	9
Қызметкерлердің орташа жасы	36 жас	34 жас	35 жас
Ер және әйел қызметкерлердің пайыздық ара-қатынасы	28% 72%	31% 69%	24% 76%

Қор қызметкерлерінің жас құрылымы (2011 жылдың соңына қарай)



ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ



IADI (International Association of Deposit Insurers) әр түрлі ұйымдар арасында халықаралық конференциялар мен семинарлар, сонымен қатар депозиттерді сақтандыру саласында көкейтесті тақырыптарға нұсқаулықтар дайындау және жиынтық талдау зерттемелерін өткізу арқылы депозиттерді сақтандыру саласында тәжірибемен алмасу және халықаралық ынтымақтастықты ілгерілету мақсатында 2002 жылдың мамырында құрылды. 2011 жылдың соңына қарай 63 мемлекеттің 64 ұйымы IADI мүшесі болды. Толығырақ www.iadi.org

Депозиттерді сақтандыру жүйесінің халықаралық қауымдастығы шеңберінде Қор шетелдік әріптестермен ынтымақтастықты жалғастыра отырып, депозиттерді сақтандыру саласына тиімді әдістемелерді енгізу үшін халықаралық ұйымдардың ұсыныстарын, кеңестерін, сонымен қатар бірігіп өткізген зерттеулердің нәтижелерін қолданып, отандық депозиттерге кепілдік беру жүйесінің дамуын жетілдіруге мүмкіндік алады.

Есепті жылы Қор IADI өткізген бірнеше: қаржы институттарындағы проблемаларды ерте анықтау және депозиттерге кепілдік беру жүйесі тарапынан уақтылы елеу нұсқаулығын әзірлеуге, өтемдерді төлеу бойынша нәтижелі жүйе әзірлеу жөнінде зерттеулерге, жүйелі қаржы дағдарысы зардаптарынан арылу шаралары бойынша, Азия-Тынық мұхит аймағында депозиттерге кепілдік беру жүйелерін қаржыландыру механизмі мәселелері бойынша, толық кепілдіктен өтемнің шектеулі сомасына ауысу мәселелері бойынша, халықтың қаржы қызметтеріне қолжетімдігін кеңейту бойынша және т.б. зерттеулерге қатысты.

Қор өкілдері IADI іс-шаралары, соның ішінде Азия-Тынық мұхит аймақтық комитеттің тоғызыншы жылдық жиналысына (Бангкок, Тайланд), IADI он бірінші жалпы жылдық жиналысы мен конференцияға (Варшава, Польша), IADI Атқару комитетінің отырыстарына қатысты, сонымен қатар Вашингтон қаласында (АҚШ) «Депозиттерді сақтандыру ұйымдарымен нарықтың қаржылық жағдайын бағалау және олардың арнайы қорын басқару» семинар-тренингінде, депозиттерді сақтандыру бойынша ұйымдастыру қорын басқару және бағалау бойынша семинарда (Тайпей, Тайвань), «Қаржы дағдарыстарын жеңудегі депозиттерге кепілдік беру жүйелерінің ролі» конференциясында, проблемалы банктердің қаржылық дәрменсіздігін реттеу мәселелері жөнінде семинарға (Джодхпур, Индия), депозиттерге кепілдік беру жүйелерінің депозиттерді сақтандырудың тиімді жүйелерінің негізгі қағидаттарына сәйкестігін бағалау туралы семинарға (Базель, Швейцария), Банктік тәуекелдерді бағалауда депозиттерді сақтандыру ұйымының міндеттерінің тиімділігін арттыру туралы семинарына (Куала-Лумпур, Малайзия) қатысып, сөз сөйледі.

IADI Еуразиялық аймақтық комитетіне басшылық ету шеңберінде, сонымен қатар тәжірибе алмасуды және әріптестікті тереңдете отырып, ТМД мемлекеттерінде ДКБЖ-ін дамыту мақсатында Қор қыркүйек айында Алматыда IADI Еуразиялық аймақтық комитетінің төртінші жылдық жиналысы мен «Пробле-



*IADI 11-ші жылдық жалпы жиналысына қатысушылар
Варшава, Польша, қазан 2011*



*IADI Еуразиялық аймақтық комитетінің 4-ші жылдық жиналысына қатысушылар
Алматы, Қазақстан, қыркүйек 2011*

малы банктердің қаржылық дәрменсіздігін және кепілдік берілген өтемдерді төлеуді реттеу тәсілдері» семинарын өткізді. ЕААК мүшелері – Әзірбайжан депозиттерге кепілдік беру қоры, Ресей Федерациясының салымдарды сақтандыру агенттігі, Украинаның жеке тұлғалардың салымдарына кепілдік беру Қоры өкілдерінен басқа, IADI құрамына кірмейтін ТМД елдерінің - Арменияның, Белоруссияның, Қырғыз Республикасының, Тәжікстанның, Өзбекстанның депозиттерге кепілдік беру ұйымдарының басшылары шақырылды. Сонымен қатар, спикер ретінде IADI Бас хатшысы Карлос Изаард мырза, Қордың Директорлар кеңесінің төрағасы және Қазақстан Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Дәнияр Ақышев мырза және де АҚШ-нан, Швейцариядан, Польшадан келген депозиттерді сақтандыру бойынша сарапшылар сөз сөйледі.

Есепті жылдың қазан айында Қор өз қызметінің 2009 жылы Базель банктік қадағалау комитетімен бірлесе IADI дайындап, қабылдаған депозиттерге кепілдік берудің тиімді жүйелерінің Негізгі қағидаттарына сәйкестігін бағалауға кірісті.

Мұндай өз қызметін бағалаудың түпкі мақсаты өз қызметінің әлді және әлсіз жерлерін анықтау және ДКБЖ қызметіндегі бар мәнді жетіспеушіліктерді жою үшін дайындалатын ұсыныстар негізін құрып, депозиттерге кепілдік беру ұйымының қызмет ету процесін жетілдіру бойынша қажетті шара қолдану болып табылады.

Қорда өзін-өзі бағалау жұмысын тікелей жүргізу үшін, оның алдын-ала жағдайын бағалайтын, сонымен қатар отандық қаржы нарығының өзара байланысқан элементтерін бағалау жұмысын жүргізетін жұмыс тобы құрылды. Бұдан былай ДКБЖ IADI негізгі 18 қағидатына сәйкестігін анықтау жөнінде толық талдау жүргізу және ДКБЖ қызметін жақсарту бойынша әрекеттер жоспарын дайындау болжалуда.

Халықаралық тәжірибені талдау және зерттеу негізінде, Қор отандық қаржы нарығының реттеушілеріне қолданыстағы банктік заңнаманы және Қазақстанның депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы заңнамасын жетілдіру жөнінде бірнеше ұсыныстар жасады.



*IADI тренинг- семинарына қатысушылар
Тайвань, қараша 2011*

ЖҰРТШЫЛЫҚТЫ ХАБАРДАР ЕТУ

Қор өзінің негізгі міндеттерінің бірін – халықтың банктерге сенімін демеу жолымен банктік жүйенің тұрақтылығын қамтамасыз етуді – ақпараттық-түсіндіру жұмысы арқылы жүзеге асырады.

«ШҰҒЫЛ БАЙЛАНЫС»



Халық Қордың «шұғыл желісін» белсене пайдалануда – 2010 жылмен салыстырғанда депозиттерге кепілдік беру мәселелері бойынша Қор қызметкерлеріне қоңырау шалған адам саны екі есеге артты. 2011 жылы 2,5 мыңға жуық қоңырау келіп түсті. Сұрақтардың басым бөлігі жылдың екінші жартысына келіп түсті. Салымшыларды мазалаған сұрақтың бірі – 2012 жылы кепілдік берілген өтем мөлшері бес миллион теңге көлемінде сақталуына байланысты болды.

МЕРЗІМДІ БАСПА БАСЫЛЫМДАРЫ



Есепті жылы Қор дүркінді баспасөз басылымдарында депозиттерге кепілдік беру туралы түсіндірмелерімен бірнеше мақалалар мен ақпараттық хабарламалар жариялады. Жарияланымдар халық арасында сұранысқа ие болған республикалық және облыстық газет беттерінде басылды. Мақала, Қор қызметкерлерімен интервью, арнайы модуль түріндегі ақпарат ең танымал республикалық («Время», «Известия - Казахстан», «Аргументы и факты Казахстан», «Бизнес и Власть», «Панорама» және т.б.) және аймақтық (облыстық) газеттерде (әр облыста мемлекеттік және орыс тілдеріндегі екі газетте), сонымен қатар мамандандырылған журналдарда («Банки Казахстана», «Эксперт») жарияланады. Соған қоса, Қор үнемі «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» қоғамдық республикалық газеттерінде депозиттерге кепілдік беру жүйесіне қатысушы-банктер тізілімін, жылдық қаржы есебін, және қажет жағдайларды ДКБЖ механизмі мен ережелерінде болған сәйкесінше өзгерістер туралы ақпараттық хабарландырулар жариялайды.

Қазақстандық қаржы жүйесінің даму процесін жан жақты түсіндіру кампаниясының шеңберінде Қор және басқа да қаржы ұйымдары, соның ішінде Қазақстан Ұлттық Банкі, екінші деңгейлі банктер, сақтандыру және аудиторлық компаниялар, ағылшын тілінде мақалалар жариялайды. Есепті жылы Central Asia Finance және World Finance Review мамандандырылған журналдарда екі мақала жарияланды.

Қор бір жыл бойында жалпы көлемі 40 мың шаршы сантиметрге жуық жарияланым басты.



ТЕЛЕДИДАР ЖӘНЕ РАДИО

Есепті жыл бойы Қор өкілдері депозиттерге кепілдік беру жөнінде түсіндірмелермен Қазақстан Ұлттық Банкінің «Азбука капитала» тележобасына сарапшы ретінде қатысты.

Сонымен қатар, халық Қордың қызметі туралы Қазақстанның 20-жылдығына арналған «Хабар» агенттігімен дайындалған арнайы видеороликтен де хабардар болды.

«Шұғыл желі» туралы ақпараттандыру «Хабар», «Ел Арна», «Қазақстан» республикалық телеарналарында видеороликтер, сондай-ақ «Қазақ радиосы», «Тенгри ФМ» радиостанцияларының эфирінде аудиоролик орналастыру арқылы жүзеге асырылды.



САЛЫМШЫҒА ЖАДНАМА

Қолданыстағы кепілдік берілген өтем мөлшерін бес миллион теңге көлемінде сақтаудың қарастырылуына байланысты, Қор ДҚБЖ-не қатысушы-банктер клиенттері арасында тарату үшін арнайы мамандандырылған жаднамалар шығарды. Сонымен қатар Қормен жыл сайын Қорға әртүрлі байланыс құралдары арқылы жиі келіп түсетін сұрақтарға жауаптар жиналған «Депозитке кепілдік беру туралы Сіз не білуіңіз қажет» салымшы жаднамасы шығарылады.



ИНТЕРНЕТ

Қордың қызметі және қазақстандық депозиттерге кепілдік беру жүйесі туралы ақпаратты мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдерінде жұмыс істейтін Қордың www.kdif.kz интернет-ресурсынан да алуға болады. Мұнда Қор, оның ұйымдық құрылымы мен қызметі, бөлшек депозиттер нарығының жағдайы жөнінде аналитикалық мәліметтерді, реттеуші заңнамалық және нормативтік-құқықтық актілерді, Қордың қызметіндегі негізгі оқиғалары туралы жаңалықтарды, ДҚБЖ-не қатысушы-банктердің тізілімі және қатысушы-банктер мен олардың салымшылары туралы басқа да пайдалы ақпараттарды ала аласыз. Сонымен қатар, «кері байланыс» жүйесі бойынша Қор мамандарына кез келген сұрақ қоюға болады.

АУДИТОРДЫҢ ЕСЕБІ ЖӘНЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК

«ТАК «Центраудит-Казахстан» ЖШС
Директоры
(аудиторлық қызметпен айналысуға
мемлекеттік лицензиясы № 0000017,
1999 жылдың 27 желтоқсанында берілген)
В.В. Радостовец
2012 жылғы 20 ақпан

«Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» АҚ-ның акционеріне

ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОР ЕСЕБІ

Біз ұсынылған «Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» акционерлік қоғамының қаржылық есептілігі аудитін жүргіздік, оның құрамына 2011 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржылық жағдай туралы есеп, жиынтық кіріс туралы есеп, меншік капиталындағы өзгерістер туралы есеп, аталған күнге аяқталған жыл ішіндегі ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп, сондай-ақ есептік саясаты негізгі қағидаларының қысқаша мазмұны және басқа да түсініктемелік ескертпелер кіреді.

Қаржылық есептілік бойынша Қоғам басшылығының жауапкершілігі

Қоғам басшылығы осы қаржылық есептіліктің Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес әзірленуіне және шынайы ұсынылуына, сонымен қатар Қоғам басшылығы алаяқтық немесе қате жіберу нәтижесінде маңызды бұрмалауды қамтымайтын қаржылық есептілікті дайындау үшін қажетті деп санайтын ішкі бақылау жүйесін қамтамасыз ету үшін жауапты.

Аудитордың жауапкершілігі

Біз аудитімізге негізделген бұл қаржылық есептілік туралы айтылған пікірімізге жауаптымыз. Біз аудитті Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес өткіздік. Бұл стандарттар біздің әдеп нормаларын сақтауымызды, сондай-ақ аудитті қаржылық есептілікте маңызды бұрмалаулардың жоқ екендігіне жеткілікті түрде сенімді болатындай жоспарлауымызды және жүргізуімізді талап етеді.

Аудит ұсынылған қаржы есептілігіндегі сомалар мен ақпараттарға қатысты аудиторлық дәлелдерді алуға бағытталған рәсімдердің орындалуынан тұрады. Рәсімдерді таңдау аудиторлық пікірге, сонымен қоса алаяқтық немесе қателерден туындаған қаржылық есептілік елеулі бұрмалануының тәуекелін бағалауға тәуелді болады. Осы тәуекелді бағалау кезінде аудиторлар, кәсіпорынның ішкі бақылау жүйесінің тиімділігі туралы пікірін білдіру үшін емес, аудиторлық рәсімдерді әзірлеу мақсатында Қоғамның қаржылық есептілігін дайындауға және оны шынайы түрде беруге қатысты ішкі бақылау жүйесін ұйымдастыруды қарастырады.

Аудит сонымен қатар, таңдалған есептік саясаттың орындылығын және Қоғам басшылығы жасаған бухгалтерлік бағалаулардың негізділігін және қаржы есептілігінің жалпы ұсынылуын бағалаудан тұрады.

Біз, біздің тарапымыздан алынған аудиторлық дәлелдемелер жеткілікті және біздің аудиторлық пікірімізді білдіру үшін негіз болып табылады деп санаймыз.

Пікір

Біздің пікіріміз бойынша, «Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» акционерлік қоғамының қаржылық есептілігі 2011 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржылық жағдайының бүкіл маңызды жақтарын, аталған күнге аяқталған жыл ішіндегі қызметінің нәтижелері мен қаржы қозғалысының Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкестігін шынайы көрсетеді.

«Центраудит-Қазақстан»
ТАК ЖШС Аудиторы
Пяткова И.Б.
(аудитордың біліктілік куәлігінің
№0000320, 02.05.1997 ж. берілген)

Қазақстан Республикасы
050059
Алматы қ.
әл-Фараби даңғ., 19
«Нұрлы-Тау» бизнес-орталығы
1 Б корпусы, 301-302 офис



2011 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙЫ ТУРАЛЫ ЕСЕП

мың теңге

	2011 ж. 31 желтоқсанда	2010 ж. 31 желтоқсанда
АКТИВТЕР		
Ақша қаражаты мен баламасы	9,477,107	17,092,242
Сатуға арналған қолдағы бар қаржы активтері	231,633,677	182,464,426
Корпоративті табыс салығы бойынша алдын ала төлем	775,234	645,458
Басқа қаржы активтері	1,981,518	2,156,622
Басқа активтер	16,347	4,128
Кейінге қалдырылған салық активі	5,987	3,301
Негізгі құрал-жабдықтар	4,868	4,951
Материалдық емес активтер	2,103	5,943
АКТИВТЕР ЖИЫНЫ	243,896,841	202,377,071
КАПИТАЛ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕМЕЛЕР		
КАПИТАЛ		
Жарғылық капитал	133,100,000	121,000,000
Бөлінбеген пайда	8,337,541	8,007,627
Қайта бағалау бойынша резерв	6,759,410	6,500,063
Резервтік капитал	1,210,000	1,100,000
Арнайы орналастыру резерві	94,458,425	65,611,693
КАПИТАЛ ЖИЫНЫ	243,865,376	202,219,383
МІНДЕТТЕМЕЛЕР		
Корпоративті табыс салығы бойынша міндеттемелер	-	56
Басқа қаржы міндеттемелері	1,611	142,440
Басқа міндеттемелер	29,854	15,192
МІНДЕТТЕМЕЛЕР ЖИЫНЫ	31,465	157,688
МІНДЕТТЕМЕЛЕР ЖӘНЕ КАПИТАЛ ЖИЫНЫ	243,896,841	202,377,071

**2011 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылғы
ЖИЫНТЫҚ КІРІС ТУРАЛЫ ЕСЕП**

мың теңге

	2011	2010
Пайыздық кірістер	8,370,462	8,199,588
Пайыздық шығындар	(55,700)	(91,680)
ТАЗА ПАЙЫЗДЫҚ КІРІСТЕР	8,314,762	8,107,908
Банктердің-қатысушылардың жарналары- нан және тарату комиссиясының түсімінен болған таза кіріс	20,949,105	18,966,177
Шетел валютасын қайта бағалаудан болған шығындар шегерілген кірістер	280,435	98,965
Сатуға арналған қолдағы бар қаржы активтерін тарату бойынша шығындар шегерілген кірістер	-	5,205
Сатуға арналған қолдағы бар қаржы активтерін сатқанда қайта бағалаудан болған пайда (шығын)	-	462
Басқа операциялық кірістер	4,194	59
Жалпы және әкімшілік шығындар	(230,665)	(198,457)
САЛЫҚ САЛУҒА ДЕЙІНГІ ПАЙДА (ШЫҒЫН)	29,317,831	26,980,319
Табыс салығы бойынша шығындар	(31,185)	(6,515)
БІР ЖЫЛҒЫ ПАЙДА (ШЫҒЫН)	29,286,646	26,973,804
Банктердің-қатысушылардың жарналары- нан және тарату комиссиясының түсімінен болған таза кірісті арнайы орналастыру резервіне міндетті бөлу	(20,949,105)	(18,966,177)
МІНДЕТТІ БӨЛУДЕН КЕЙІНГІ ПАЙДА	8,337,541	8,007,627
БАСҚА ЖИЫНТЫҚ КІРІС		
Сатуға арналған қаржы активтерін қайта бағалаудан болған пайда (шығын)	259,347	3,390,758
Сатуға арналған қолдағы бар қаржы активтерін таратқан кезде пайдадағы (шығындағы) басқа жиынтықты кірістен қайта бағалаудан болған пайданы (шығынды) қайта жіктеу	-	(462)
ЖАЛПЫ БАСҚА ЖИЫНТЫҚ КІРІС	259,347	3,390,296
АКЦИОНЕРГЕ ТИЕСІЛІ КОРПОРАТИВТІ ТАБЫС САЛЫҒЫН ШЕГЕРІП, БІР ЖЫЛҒЫ ЖИЫНТЫҚТЫ КІРІС (ШЫҒЫН)	8,596,888	11,397,923



2011 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылғы АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ЕСЕП

мың теңге

	2011	2010
I. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕГІ АҚША ҚАРАЖАТТАРЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ БАЛАМАСЫ		
I. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕГІ АҚША ҚАРАЖАТТАРЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ БАЛАМАСЫ	28,578,646	25,958,292
Міндетті күнтізбелік жарналар түсімі	20,346,703	17,370,697
Тарату комиссиясының түсімі	638,000	962,000
Банктерде орналастырылған салымдар бойынша сыйақының түсімі	12,933	97,974
Сатуға арналған қолдағы бар қаржы активтері бойынша алынған сыйақы	7,576,638	7,521,474
«Кері РЕПО» операциялары бойынша сыйақы алу	-	2,250
Депозиторларға арналған пайдаланылмаған сомаларды қайтару	-	1,485
Басқа түсімдер	4,372	2,412
АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ЖӘНЕ БАЛАМАСЫНЫҢ ШЫҒАРЫЛУЫ, ЖАЛПЫ	(385,247)	(1,723,417)
Тауарлар мен қызметтер үшін жеткізушілердің төлемдері	(89,859)	(80,577)
Іс-сапар шығындары бойынша төлемдер	(5,495)	(7,284)
Жұмыскерлерге сыйақы төлеу	(91,759)	(80,724)
Төленген корпоративтік табыс салығы	(161,364)	(1,512,781)
Басқа салықтар және бюджетке басқа да міндетті төлемдер	(34,434)	(36,130)
Жеке тұлғалардың депозиттері бойынша өтемақы төлеу	(2,336)	(2,894)
Басқа шығарылымдар	-	(3,027)
ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕН АЛЫНҒАН ТАЗА АҚША ҚАРАЖАТЫ ЖӘНЕ БАЛАМАСЫ	28,193,399	24,234,875
II. ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕН АЛЫНҒАН АҚША ҚАРАЖАТЫ ЖӘНЕ БАЛАМАСЫ		
АҚША ҚАРАЖАТЫ МЕН БАЛАМАСЫНЫҢ ТҮСІМІ, ЖАЛПЫ	145,276,724	101,682,081
Сатуға арналған қолдағы бар қаржы активтерін сатудан түскен түсім	145,276,724	74,806,057
«Кері РЕПО» операцияларының түсімі		26,876,024

АҚША ҚАРАЖАТЫ МЕН БАЛАМАСЫНЫҢ ШЫҒАРЫЛУЫ, ЖАЛПЫ	(193,271,916)	(162,761,003)
Негізгі құрал-жабдықтарды иелену	(2,481)	(1,443)
Материалдық емес активтерді иелену		(1,260)
Сатуға арналған қолдағы бар қаржы активтерін иелену	(193,269,435)	(135,882,276)
«Кері РЕПО» операциялары бойынша шығару		(26,876,024)
ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕН АЛЫНҒАН ТАЗА АҚША ҚАРАЖАТЫ МЕН БАЛАМАСЫ	(47,995,192)	(61,078,922)
III. ҚАРЖЫ ҚЫЗМЕТІНЕН ТҮСКЕН АҚША ҚАРАЖАТЫ		
АҚША ҚАРАЖАТЫ МЕН БАЛАМАСЫНЫҢ ТҮСІМІ, ЖАЛПЫ	12,100,000	11,000,000
Жай акциялар эмиссиясы	12,100,000	11,000,000
ҚАРЖЫ ҚЫЗМЕТІНЕН АЛЫНҒАН ТАЗА АҚША ҚАРАЖАТЫ МЕН БАЛАМАСЫ	12,100,000	11,000,000
КЕЗЕҢДЕГІ АҚША ҚАРАЖАТЫ МЕН БАЛАМАСЫНЫҢ ТАЗА ӨЗГЕРІСІ	(7,701,793)	(25,844,047)
Шетел валютасын қайта бағалағандағы ақша қаражаты мен баламасының таза өзгерісі	86,658	8,883
ЕСЕП КЕЗЕҢІНІҢ БАСЫНДАҒЫ АҚША ҚАРАЖАТЫ МЕН БАЛАМАСЫ	17,092,242	42,927,406
ЕСЕП КЕЗЕҢІНІҢ СОҢЫНДАҒЫ АҚША ҚАРАЖАТЫ МЕН БАЛАМАСЫ	9,477,107	17,092,242



2011 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылғы КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ ЕСЕП

мың теңге

	Жарғылық капитал	Қайта бағалау бойынша резерв	Резервтік капитал	Арнайы орналастыру резерві	Бөлінбеген пайда (шығын)	Жалпы капитал
2010 жылғы 31 ЖЕЛТОҚСАНДАҒЫ САЛЬДО	121,000,000	6,500,063	1,100,000	65,611,693	8,007,627	202,219,383
Жиынтықты кіріс		259,347			8,337,541	8,596,888
Акциялар эмиссиясы	12,100,000					12,100,000
Резервтік капитал қалыптастыру			110,000		(110,000)	
Арнайы өтеу резервін қалыптастыру				7,897,627	(7,897,627)	
Банктердің-қатысушылардың жарналары мен тарату комиссиясының түсімдерінен болған таза кірісті арнайы өтеу резервіне міндетті бөлу				20,949,105		20,949,105
2011 жылғы 31 ЖЕЛТОҚСАНДАҒЫ САЛЬДО	133,100,000	6,759,410	1,210,000	94,458,425	8,337,541	243,865,376
2009 жылғы 31 ЖЕЛТОҚСАНДАҒЫ САЛЬДО	110,000,000	3,109,767	1,000,000	36,203,432	10,542,084	160,855,283
Жиынтықты кіріс	-	3,390,296	-	-	8,007,627	11,397,923
Акциялар эмиссиясы	11,000,000	-	-	-	-	11,000,000
Резервтік капитал қалыптастыру	-	-	100,000	-	(100,000)	-
Арнайы өтеу резервін қалыптастыру	-	-	-	10,442,084	(10,442,084)	-
Банктердің-қатысушылардың жарналары мен тарату комиссиясының түсімдерінен болған таза кірісті арнайы өтеу резервіне міндетті бөлу	-	-	-	18,966,177	-	18,966,177
2010 жылғы 31 ЖЕЛТОҚСАНДАҒЫ САЛЬДО	121,000,000	6,500,063	1,100,000	65,611,693	8,007,627	202,219,383

Қаржы есебінің нысандарына ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА

«Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» АҚ (бұдан былай – Қор), Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 1999 жылғы 15 қарашадағы №393 қаулысының негізінде құрылған.

Қордың есеп саясаты ҚР-ның заңнамасының талаптарына және ҚЕХС-на сәйкес әзірленген.

31.12.2011 жылға Қор активтері 243 865 376,09 мың теңгені құрайды.

Негізгі құрал-жабдықтар бойынша тозуды есептеу кезінде – тік желілік әдіс қолданылады. Есепті кезеңде сатып алынған негізгі құрал-жабдықтардың сомасы 2 480 505,00 теңгені құрайды. Ұзақ мерзімді жалға алынатын негізгі құрал-жабдықтар жоқ. Аяқталмаған құрылыс жоқ.

Еншілес және тәуелді ұйымдар жоқ.

Жылжымайтын мүлікке инвестициялар жоқ.

Тауар-материалдық қорларды бағалау әдісі – орташа алынған күн әдісі.

Дебиторлық берешек сомасы 6 106 710 116,88 теңгені құрайды. Кредиторлық берешек 31 464 310,04 теңгені құрайды.

Күмәнді талаптар жоқ.

Қаржы инвестициялары сату үшін жарамды болып жіктеледі. Қордың қаржы инвестицияларын МБҚ құрайды (ҚаржыМині БҚ, ҚИК АҚ облигациялары, ҚРҰБ ноталары, АҚШ БҚ). 31.12.2011 жылға қаржы инвестициялары 228 287 327,18 мың теңгені құрады.

Меншікті капитал бөліміндегі қозғалыс қатысушы-банктердің күнтізбелік жарналарынан және ликвид көлеміндегі өтеу сомалары есебінен болды.

Заемдар жоқ.

Дивидендтер есептелмейді.

2011 жылғы кіріс 12 976 584 063,81 теңгені құрады. Есепті кезеңге өзге және жалпы әкімшілік шығыстар 4 607 857 671,66 теңгені құрады.

Есепті кезеңдегі таза табыс 8 337 541 506,30 теңге.

01.01.2012 жылға мерзімі кейінге қалдырылған табыс салығының сомасы 5 986 718,00 теңге.

Төрайым

Мәженова Б.М.

Бас бухгалтер

Пичитаева А.А.